

Н.М. Тукешова*

Қазан федералды университеті, Ресей
(e-mail: tukeshova_nurgul@mail.ru)

Антоним компонентті фразеологизмдер құрамындағы антоним түрлері (ағылшын және қазақ тілдері материалында)

Мақалада екі әр түрлі құрылымды тілдердегі антоним компонентті фразеологизмдер қарастырылды. Фразеологиядағы антонимдерді талдау лексикалық антонимдердің классификациясы негізінде жүзеге асырылды. Жүргізілген зерттеуде фразеологизмдер құрамындағы антоним-компоненттердің құрылымдық түрлері, сонымен қатар қарама-қарсылық категориясына негізделген семантикалық түрлері айқындалған. Зерттеудің ғылыми жаңалығы ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің құрамындағы антоним компоненттерді талдаудың алғаш рет жүргізілуінде жатыр. Мақалада компоненттік талдау және салғастырмалы талдау әдістері қолданылған. Зерттеу нәтижесінде ағылшын және қазақ тілдеріндегі қарастырылып жатқан фразеологизмдердің құрамындағы антонимдерге лексикада кездесетін барлық антоним түрлері тән екендігі, сондай-ақ ол антонимдердің қызметі бейнелі қарама-қарсылық қызметін атқарумен қатар, қоршаған әлемдегі объектілерді үнемі салыстыруымен анықталған. Антонимдер фразеологизмнің құрамында келіп олардың экспрессивтік мағынасын арттыруға ықпалын тигізеді.

Кілт сөздер: фразеологизмдер, антонимдер, қарама-қарсылық, салғастырмалы талдау, ағылшын тілі, қазақ тілі.

Kipicne

Фразеологизмдер әр тілдің ажыратылмас бөлшегі болып табылады. Олар қандай да бір затты, белгіні атап қана қоймай, сондай-ақ оларға баға, сипаттама береді. Қазіргі таңда ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де фразеологизмдер әр түрлі тұрғыдан зерттелінуде, сондай-ақ екі тілдің фразеологиялық жүйесін салыстыра талдау зерттеушілердің қызығушылықтарын тудыруда. Соның ішінде фразеологизмдерді олардың құрамындағы белгілі бір компонент арқылы зерттеу көптеп орын алуда. Айта кетсек, сан есім – компонентті фразеологизмдер, соматикалық компоненттері бар фразеологизмдер, түс компонентті фразеологизмдер және т.б. Бұл фразеологизмдерді құрамындағы компоненттері бойынша талдау олардың семантикалық, құрылымдық ерекшеліктерін анықтау барысында өзекті мәселе екенін көрсетеді.

Антоним компонентті фразеологизмдер ағылшын тілінде де, қазақ тілінде де кездеседі, бұл олардың екі тілге тән универсалды құбылыс екенін көрсетеді. Антонимдерді зерттеу қазіргі кезде көптеген зерттеушілерді қызықтырады, өйткені қарама-қарсылық ұғымы өте күрделі және зерттеуге жан-жақты қарауды қажет етеді. Ағылшын тілінде антонимдерді, қарама-қарсылықтар категорияларын жіктеу бойынша жұмыстар өте көп (Д. А. Круз, Дж. Лайонз, С. Джонс, Ф. Р. Палмер, М. Л. Мерфи). Антоним түрлерін анықтауда зерттеушілердің пікірлері әр түрлі, өйткені кейбіреулер антонимдерді тар мағынада қарастырады, яғни олар антонимдерді қарама-қарсылық категориясы түрлерінің бірі деп санайды, ал басқалары кең мағынада қарастырады, яғни тілде кездесетін барлық қарама-қарсылықтарды антоним ретінде анықтайды.

Антоним мағынасы жағынан басқа сөзге қарама-қарсы сөз. Мысалы, ағылшын тілінде *alive* және *dead*, ал *big* мен *small* антоним болып табылады. Кейде *alive* – *dead* жұптары және *big* – *small* жұптары арасында айырмашылық олардың градуалды немесе градуалды емес екендігіне байланысты ажыратылады [1; 27]. С. Джонс антонимдер мағыналық жағынан қарама-қарсы сөздер екенін, бірақ мағыналық жағынан қарама-қарсы сөздердің барлығы бірдей антоним емес екенін атап өтті. Мысалы, *rich* (бай) – *poor* (кедей) сөздер жұбы әл-ауқат шкаласында әрекет етеді, *affluent* (көл-көсір, мол, бай) және *broke* (жүдеубас, ақшасыз) сөздері де осы шкала бойынша әрекет етеді, бірақ біз оларды интуитивті түрде антоним деп айтпаймыз [2; 10].

Қазақ тілінде К. Аханов антонимдерді мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер ретінде анықтайды. Қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: tukeshova_nurgul@mail.ru

шендестіруде, сондай-ақ ойды дәл жеткізуде антонимдер ерекше қызмет атқаратынын алға тартады [3; 140]. Сонымен қатар, Ж. Мусин қазақ тілінде антонимдерді зерттеуге үлкен үлес қосты. Ж. Мусин өзінің «Қазақ тіліндегі антоним сөздер» атты диссертациялық жұмысында жан-жақты зерттеулер жүргізді, оның үстіне ғылыми қызметінің нәтижесінде қазақ тіліндегі антонимдер сөздігін құрастырды. Ол антонимдерді ерекше лингвистикалық құбылыс ретінде анықтап, оларды «мағынасы жағынан біртектес, өзара эквивалентті және тілде үнемі біртекті сапалық ұғымдарды білдіретін қарама-қарсы мағынада қолданылатын сөздер» деп анықтама берген [4; 52].

Зерттеудің деректері мен әдістері

Фразеологизмдерге белгілі бір өзіндік компоненттік құрам тән келеді. Антонимдер лексикологиямен қоса, фразеология ғылымына тән. Көптеген зерттеушілер фразеология саласындағы антонимияны анықтау барысында антоним фразеологизмдерді (фразеологиялық антоним) талдаған болатын. Солардың ішінде айта кетсек, Г.Т. Сырлыбаева бір фразеологизмнің құрамында антоним компоненттері ұшырасатынын атап өтіп, оларды антоним фразеологизмдерге жатқызу дұрыс па деген мәселені көтерді. Алайда нәтижесінде ол антоним компоненттер фразеологизмдердің өз ішінде антоним қасиетке иеленгендігімен, фразеологизмдердің құрамында олардың мағынасы бірігіп келіп тұтас бір ғана мағынаның орнына жұмсалады деп тұжырымдай келе, оларды антоним фразеологизмдер қатарына қоспайды [5; 34]. Біздің зерттеудің нысаны антоним компонентті фразеологизмдер болып табылады, яғни бір ғана фразеологизмнің құрамында қарама-қарсы мәндес компоненттердің ұшырасуы. Зерттеудің деректері ағылшын және қазақ тілдерінің фразеологиялық сөздіктерінен алынған антоним компонентті фразеологизмдер болып табылады. Фразеологизмдер құрамындағы антоним компоненттердің қарама-қарсылық категориясы және құрылымдық ерекшеліктері бойынша түрлері қарастырылатын болады. Зерттеуде жаппай іріктеу, компоненттік талдау және салғастырмалы талдау әдістері қолданылды. Зерттеудің теориялық негізі болып М.Л. Мерфидің, С. Джонстың, Л.А. Новиковтың, Г.М. Полькинаның, І. Кеңесбаевтың, Ж. Мусиннің, К. Ахановтың, Г.Т. Сырлыбаеваның және басқаларының еңбектері алынды. Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін антонимия теориясын әрі қарай зерттеуде, туыс емес тілдерді, ағылшын және қазақ тілдерін салыстырмалы түрде зерттеуде қолдану мүмкіндігінде жатыр.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Зерттеу жұмысында фразеологизмдер құрамындағы антонимдік қатынастарды анықтау мақсатында лексикалық антонимдерге сүйенеміз. Ағылшын тілінде антонимия құбылысын анықтауда шетелдік зерттеушілер қарама-қарсылық категориясына жүгінеді. Ағылшын тілінде Дж. Лайонз, С. Джонс, М.Л. Мерфи сияқты көптеген зерттеушілер антонимдерді қарама-қарсылық табиғаты бойынша контрарлық, комплементарлық, векторлық, конверсивтік қарама-қарсылықтар деп ажыратады. Сонымен қатар, қарама-қарсылық түрлерін жіктей отырып, басқа зерттеушілер комплементарлық, антонимдер, векторлық (directional) реляциялық қарама-қарсылықтарды ажыратады (Д.А. Круз). Осыған орай, кейбір зерттеушілер контрарлық (немесе градуалдық) қарама-қарсылықты нағыз антоним ретінде жіктейтіндігін де ескерген жөн.

Жұмыста контрарлық, комплементарлық, векторлық және конверсивтік қарама-қарсылық түрлері қарастырылды.

Контрарлық немесе градуалдық қарама-қарсылық бір белгінің әр түрлі дәрежелерімен сипатталады. Олар белгінің, сапаның біртіндеп өзгеруі туралы түсінік береді [6; 181]. Біреуін жоққа шығару екіншісінің ақиқаттығына кепілдік бермейді, яғни басқа күйдің болу мүмкіндігі бар. Себебі контрарлық қарама-қарсылықтарға аралық мәндері бар шкалалар жатады. Мысалы, hot - warm - cool – cold/ ыстық - жылы - салқын - суық, big - medium - small/ үлкен - орташа - кіші.

Дж. Лайонзбен келісе келе, көптеген зерттеушілер контрарлық қарама-қарсылықтарды нағыз антонимдер деп санайды, өйткені олар бинарлық лексикалық контраст құбылысына әсіресе тән көрінеді [7; 189].

Қарастырылып жатырған фразеологизмдер құрамында контрарлық қарама-қарсылықтар көрініс табады:

blow hot and cold – өз пікірін, көзқарасын үнемі өзгертіп отыру [8; 93];

high and low – қоғамның барлық таптары [8; 386];

бетегеден биік, жусаннан аласа – тым аласа, төмен [9; 114];

ыстық-суықты көрген – дүниенің қиыншылығын бастан кешкен [9; 577].

Келтірілген мысалдардағы антонимдер заттың немесе құбылыстың бір белгісін, сапасын екіншісімен салыстыру, бір күйден келесі күйге ауысу қасиеттерін білдіріп тұр.

Комплементарлық қарама-қарсылық қарама-қарсы қойылған және бір-бірін толықтырушы мүшелер арасында орталық, аралық мүшенің болмауымен сипатталады [10; 245]. Қарама-қарсылықтың бұл түрі бір нәрсені немесе құбылысты мойындау, екінші нәрсені немесе құбылысты жоққа шығару дегенді білдіреді. Мысалы, *Arman is single/ Арман жалғыз басты* дегеніміз *Arman is not married/ Арман үйленбеген* дегенге алып келеді. Немесе керісінше *Arman is married/ Арман үйленген* дегеніміз *Arman is not single/ Арман жалғыз басты емес* дегенді білдіреді. Яғни бұдан байқайтынымыз бұл жерде тек қана екі мүмкін жағдай бар болуында. Егер біз бұл теорияны контрарлық қарама-қарсылыққа қолданатын болсақ, бұдан нәтижесі болмайтындығы көрінеді. Мысалы, *It is not hot/ Ол ыстық емес* дегеніміз *It is cold/ Ол суық* дегенді білдірмейді, өйткені *It is warm/ Ол жылы* немесе *It is cool/ Ол салқын* болуы мүмкін. Яғни, бірдеңе ыстық болмаған жағдайда, оны суық деп есептей алмаймыз, өйткені ыстық та, суық та болмау мүмкіндігі бар. Контрарлық және комплементарлық қарама-қарсылық арасындағы айырмашылық контрарлық қарама-қарсылықта тағы бір аралық мүшенің болуында.

Зерттеу үстіндегі фразеологизм құрамында комплементарлық қарама-қарсылықты кездестіруге болады:

between life and death – өмір мен өлім ортасында [8; 452];

the lull before the storm – дауыл алдындағы тыныштық [11; 278];

өмірлікті шындай, *шынды* құдай ұрғандай қылды – жалған сөзге сендірді [9; 440];

өлі мен *тірінің* арасында – әл үстінде [9; 432].

Векторлық қарама-қарсылық әр бағытты іс-әрекет, қимылдың, белгінің қарама-қарсылығын білдіреді. Қарама-қарсылықтың бұл түрі ағылшын және қазақ тілдерінде де кездеседі: up-down (жоғары-төмен), come-go (келу-бару), кіру-шығу, оң-сол. Қарама-қарсылықтың бұл түрін Д.А. Круз, Дж. Лайонз және басқалары «directional opposites» деп те атайды. Дж. Лайонз бұл қарама-қарсылық түрін бірнеше подтиптерге, ортогональды және антиподальдыларға бөледі. Сонымен қатар, басқа зерттеушілермен «reversible» термині ұсынылған болатын. Алайда, біз осы типтегі қарама-қарсылықтарды ішкі түрлерге бөлмей, оларды векторлық қарама-қарсылық ретінде жіктеу орынды деп санаймыз. Әр түрлі термин атауларына қарамастан, олар ортақ түсінікті қамтиды, олардың барлығы белгілердің, әрекеттердің, қасиеттердің, қозғалыстардың қарама-қарсы әр түрлі бағыттылығын білдіреді.

Құрамында векторлық қарама-қарсылықтары ұшырасатын фразеологизмдерге келесілер мысал бола алады:

right up and down - әділ, тікелей [8; 634];

be backward in coming forward – ілгері басқан аяғы кейін тарту [8; 59];

оң мен *солына* қарады – төңірекке назар салу [9; 418];

күле *кіріп*, күңгірене *шығады* – арам ниетін білдірмеу, екі жүзді болу [9; 289].

Конверсивтік қарама-қарсылық бірдей іс-әрекетті немесе қатынасты оған қатысушылардың әр түрлі көзқарастары бойынша сипатталады. Қарама-қарсылықтың бұл түрін зерттелген екі тілде, яғни ағылшын және қазақ тілдерінде де байқауға болады. Мысалы, *Peter won Jack / Питер Джекті жеңді*. – *Jack lost to Peter / Джеке Питерден ұтылды*; *Ермек оған құжаттарды берді*. – *Ол Ермектен құжаттарды алды*. Бұл мысалдарда *won-lost / жеңді-ұтылды*, *берді-алды* конверсивтік қарама-қарсы мәндерді білдіреді.

Фразеологизмдердің құрамында қарама-қарсылықтың бұл түрін де кездестіруге болады:

win the battle, lose the war – қалаған нәрсені алу, бірақ маңызды мақсатқа жете алмау [12; 22];

give and take – ымыра; ауыспалы (қолайлы және қолайсыз жағдай туралы) [8; 24];

бұлсыз берді, *құнсыз алды* – құнын төлеп алған жоқ [9; 130];

атадан балаға жеткізу – передавать из рода в род [13; 120].

Д.М. Кумыкова конверсивтік қарама-қарсылық антонимияның логикалық-семантикалық негізінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын векторлық қарама-қарсылықпен тығыз байланысты екенін атап өтеді [14; 140]. Айта кету керек, кейбір қарама-қарсылықтар векторлық та, конверсивтік те болуы мүмкін. Мысалы, *win* (жеңу) – *lose* (ұту), *үсті-асты*. Бұл жағдайда, егер олар екі адамның арасындағы қатынасты білдірсе, олар конверсивтік болып саналады, ал егер олар осьтің белгілі бір нүктесіне қатысты кеңістікте адамның немесе заттың бар екенін көрсетсе [15; 173], онда олар векторлық қарама-қарсылық болады. Көптеген жағдайларда конверсивтік қарама-қарсылық іс-

әрекетте екі адам қатысқан кезде пайда болады, егер сіз *Arman bought the flowers* / Арман гүлдерді сатып алды десеніз, онда кері әрекет *Seller sold the flowers* / Сатушы гүлдерді сатты болады, яғни іс-әрекетке *Arman* / Арман (яғни, сатып алушы) да, *seller* / сатушы да қатысады. Бұл мысалда *bought – sold, сатып алды – сатты* конверсивтік қарама-қарсы мағынаны білдіреді. Векторлық қарама-қарсылықта іс-әрекетке бір адам қатыса алады, яғни *Ол ішінен кіріп, сыртына шықты* (Ол жағымпазданды) дегенді мысалға келтірсек, мұнда *кіріп-шықты* векторлық қарама-қарсылық болып табылады, бір адамның іс-әрекеті.

Фразеологизмдер құрамындағы антоним компоненттердің құрылымдық жағына келетін болсақ, онда бір түбірлі (түбірлі) және әр түбірлі (аффикстік) антонимдер кездеседі. Ағылшын тілінде қарастырылып жатқан фразеологизмдер құрамында әр түбірлі антонимдер басым бөлігін құрайды: *blow hot and cold* – өз пікірін, көзқарасын үнемі өзгертіп отыру [8; 93]; *high and low* – қоғамның барлық таптары [8; 386]. Ал бір түбірлі антонимдерге келетін болсақ, олар антоним компонентті фразеологизмдер құрамында бірен-саран. Олар *un-, ge-, dis-* префикстері арқылы жасалған: *quote, unquote* – цитата, дәйексөз [12; 315]; *likes and dislikes* – ұнату мен жаратпаушылық [8; 458]; *flux and reflux* – (судый) көтерілуі мен қайтуы [8; 287].

Қазақ тіліндегі антоним компонентті фразеологизмдер құрамында да көбінесе әр түбірлі антонимдерді кездестіреміз: *оң мен солына қарады* – төңірекке назар салу [9; 418]; *күле кіріп, күңгірене шығады* – арам ниетін білдірмеу, екі жүзді болу [9; 289]. Қазақ тілінде бір түбірлі антонимдерге қатысты әр түрлі көзқарастар қалыптасқан. Яғни кейбір зерттеушілер қосымшалар (-ма, -ма, -ба, -бе, -па, -пе, -сыз, -сіз, -лы, -лі, -ды, -ді, т.б.) арқылы жасалған бір түбірлі сөздерді антоним қатарына жатқызса, енді біреулері сөз түрлендіруші емес, тек сөз тудырушы жұрнақтардан жасалған сөздерді антоним ретінде қарастыруды жөн деп санайды. Бұл зерттеуде –ма, -ме қосымшалары арқылы жасалған сөздерді антоним сөздер деп қарастырылмады. Мысалы, *бер – берме* дегендегі *берме* сөзі *бер* сөзінің болымсыз формасы болып табылады да, ол сөзге жаңа баға бермейді, яғни іс-әрекетке жай ғана тыйым салып тұр.

Жоғарыда айтылғандардан, ағылшын және қазақ тілдеріндегі қарастырылып жатқан антоним компонентті фразеологизмдер қарама-қарсылық категориясының барлық түрлерін қамтитынын атап өтуге болады, сонымен қатар екі тілде барлық қарама-қарсылықтар ұқсас белгілерімен сипатталады. Бұл жұмыста антонимияның кең түсіндірмесін ұстандық, сондықтан біздің түсінігімізде осы келтірген қарама-қарсылықтардың барлық түрлерін антоним деп қабылдаймыз. Фразеологизмдер құрамындағы антонимдер лексикалық антонимдердің қасиеттерін жоғалтпайды және фразеологизмдердің белсенді құрылыс материалы болып табылады [16; 24]. Антоним компоненттердің болуы фразеологизмнің тұтас мағынасында белгілі із қалдырады, көбінесе фразеологиялық мағына антонимдік компоненттердің мағыналарын біріктіру негізінде қалыптасады. Олар фразеологизм мағынасының экспрессивтілігін арттыруға ықпалын тигізеді. Сондай-ақ антонимдердің рөлі мен функциялары олардың мағыналарын біріктіруінен оларға ортақ жаңа мағына туындауымен қатар, бейнелі қарама-қарсылықты білдіру арқылы қызмет ететіндігінде көрінеді. Осы орайда келесі фразеологизмдерді мысал ретінде алуға болады: ағылшын тілінде *«throw a sprat to catch a herring»* - үлкен пайда табу үшін кішігірім тәуекел жасау [8; 710]» фразеологизміндегі *sprat* (кішкентай майшабақ, килька) – *herring* (майшабақ) жұбы тікелей мағыналарында көрсетілген белгілерден алшақтап, «кішігірім пайда – үлкен пайда» деген мағынада жұмсалып тұр. Яғни, осы мысалда антонимдердің мағыналары ассоциативті байланыспен байланысып, олардың үлкен және кіші деген қарама-қарсы жақтарын білдіреді. Қазақ тілінде *«суға да батты, отқа да жанды»* – барлық қиыншылықты басынан өткізді [9; 470]» фразеологизміндегі *су-от* жұбының мағынасы бірігіп «қиыншылық» мағынасын білдіріп тұр. Бұнда тіркес мағынасын қайта қарау нәтижесінде жаңа фразеологиялық мағына туындайды.

Қорытынды

Сонымен, қорыта келгенде, фразеологизм құрамындағы антоним-компоненттерде лексикалық антонимдерге тән антонимдік байланыстар байқалды. Екі тілдің қарастырылған фразеологизмдерінде бірдей антонимдік байланыс түрлері белгіленді. Яғни контрарлық, комплементарлық, конверсивтік және векторлық қарама-қарсылық түрлері кездесетіндігі анықталды. Бұл қарама-қарсылық түрлерінің лексикалық антонимдерге сәйкес қасиеттері фразеологизмдердің құрамындағы антонимдерден де көрінеді, айта кетсек, бір-бірінің мағынасын жоққа шығару, қарама-қарсы бағытты білдіру және т.б.

Құрылымдық қасиеттеріне келсек, ағылшын тілінде әр түрлі түбірлі антонимдер өнімді болып табылады, ал бір түбірлі (туынды) антонимдер қарастырылған антоним компонентті фразеологизмнің өте аз бөлігін құрайды. Бір түбірлі антонимдер *dis-*, *un-*, *ge-* префикстерінің түбірге жалғануы арқылы жасалынған. Қазақ тіліне келетін болсақ, мұнда да әр түбірлі антонимдер басым болды. *-ма*, *-ме* жұрнақтары арқылы жасалынған сөздерді антоним деп қарастырмадық, өйткені олар жалғанған сөзге жаңа баға бермейді. Ағылшын тілінің қазақ тілінен айырмашылығы ағылшын тілінде префикстердің болуында.

Фразеологизмдердің тұтас мағынасы құрамындағы антоним компоненттердің мағыналарының бірігуі және фразеологизм мағынасына қайта мән берілуі арқылы пайда болады. Антоним компоненттер фразеологизмнің бейнелілік қасиетін арттырып, бір фразеологизм құрамында белгілі бір нәрсені, сапаны, я құбылысты салыстыру қызметін атқарады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Richards J. C., Schmidt R. Longman dictionary of Language Teaching and Applied Linguistics / J.C. Richards, R. Schmidt. – Routledge, 2010. — 656 p.
- 2 Jones S. Antonymy. A corpus-based perspective / S. Jones. – Routledge, 2004. — 193 p.
- 3 Аханов К. Тіл білімінің негіздері: оқу құралы / К. Аханов. — Алматы: Өлке, 2010. — 560 б.
- 4 Мусин Ж. Қазақ тіліндегі антоним сөздер: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02 — «Қазақ тілі» / Жағыпар Мусин. — Көкшетау, 1970. — 253 б.
- 5 Сырлыбаева Г.Т. Қазақ тіліндегі қарсы мәнді фразеологизмдердің парадигмалары: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02 — «Қазақ тілі» / Гульнара Торебековна Сырлыбаева. — Алматы, 2006. — 124 б.
- 6 Соловьева Н.В. Оппозиция как объект теоретического исследования (на материале английского языка) / Н.В. Соловьева // Филологические науки. Вопросы теории и практики. — 2015. — № 4 (46). — С. 179-185.
- 7 Murphy M. L. Semantic Relations and the Lexicon: Antonymy, Synonymy, and other paradigms / M.L. Murphy. — Cambridge University Press, 2003. — 292 p.
- 8 Кунин А. В. Англо-русский фразеологический словарь / А.В. Кунин. — М.: Русс. яз., 1984. — 944 с.
- 9 Кенесбаев С.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / С.К. Кенесбаев. — Алматы: Ғылым, 1977. — 712 б.
- 10 Новиков Л. А. Семантика русского языка / Л.А. Новиков. — М.: Высш. шк., 1982. — 272 с.
- 11 Oxford dictionary of idioms / edit. by J. Siefring. — Oxford University Press, 2004. — 340 p.
- 12 Collins COBUILD dictionary of idioms / edit. by J. Sinclair. — HarperCollins Publishers, 1997. — 493 p.
- 13 Смагулова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі / Г. Смагулова. — Алматы: Елтаным, 2010. — 252 б.
- 14 Кумыкова Д. М. Антонимические отношения в кабардино-черкесском языке: опыт семантической классификации / Д.М. Кумыкова, Э.Т. Кумыкова // Вестн. Кабард.-Балкар. ин-та гум. исслед. — 2019. — № 3 (42). — С. 136-142.
- 15 Хисамова В. Н. Области пересечения разных типов антонимов (на примере английского и татарского языков) / В.Н. Хисамова, Д.Р. Сафина // Казан. вестн. молодых ученых. — 2017. — Т. 1. № 1 (1). — С. 169-174.
- 16 Полькина Г.М. Сопоставительный анализ фразеологических единиц с антонимичными компонентами в английском и татарском языках: дис. ... канд. филол. наук : 10.02.20 — «Сравнительно-историческое, типологическое и сопоставительное языкознание» / Гульнур Маннуровна Полькина. — Казань, 2002. — 241 с.

Н.М. Тукешова

Типы антонимов в составе фразеологических единиц с антонимичными компонентами (на материале английского и казахского языков)

В статье рассмотрены фразеологические единицы с антонимичными компонентами в двух разнотипных языках. Анализ антонимов во фразеологии основан на классификации лексических антонимов. В ходе исследования выявлены структурные типы антонимов в составе фразеологических единиц, а также семантические типы на основе категории противоположности. Научная новизна исследования заключена в том, что впервые проведен анализ компонентов-антонимов в составе фразеологических единиц английского и казахского языков. В исследовании использованы методы компонентного анализа и сопоставительного анализа. В результате исследования установлено, что антонимы в составе фразеологических единиц в английском и казахском языках характеризуются всеми типами антонимов, встречающихся в лексике, а также функции антонимов, помимо выполнения функции образного противопоставления, заключаются в постоянном сравнении объектов окружающего мира. Антонимы, являясь частью фразеологических единиц, помогают усилить их экспрессивное значение.

Ключевые слова: фразеологические единицы, антонимы, противоположность, сопоставительный анализ, английский язык, казахский язык.

N.M. Tukesheva

Types of antonyms in the composition of phraseological units with antonymous components (on the materials of English and Kazakh)

The article deals with phraseological units with antonymous components in two different-structured languages. The analysis of antonyms in phraseology is based on the classification of lexical antonyms. The research identifies the structural types of antonyms in phraseological units, as well as semantic types based on the category of opposition. The scientific novelty of the research lies in the fact that for the first time the analysis of antonymous components in the phraseological units of the English and Kazakh languages was carried out. The study used the methods of component analysis and comparative analysis. As a result of the study, it was found that antonyms in phraseological units in the English and Kazakh languages are characterized by all types of antonyms found in the vocabulary, as well as the functions of antonyms, in addition to performing the function of figurative opposition, consists in a constant comparison of objects of the surrounding world. Antonyms, being part of phraseological units, help to enhance their expressive meaning.

Keywords: phraseological units, antonyms, opposite, comparative analysis, English, Kazakh.

References

- 1 Richards, J.C. & Schmidt, R. (2010). *Longman dictionary of Language Teaching and Applied Linguistics* (4th ed.). Routledge.
- 2 Jones, S. (2004). *Antonymy. A corpus-based perspective*. Routledge.
- 3 Akhanov, K. (2010). *Til biliminin negizderi [Basics of linguistics]*. Almaty: Olke [in Kazakh].
- 4 Musin, Zh. (1970). Qazaq tilindegi antonim sozder [Antonyms in the Kazakh language]. *Candidate's thesis*. Kokshetau [in Kazakh].
- 5 Syrlybaeva, G.T. (2006). Qazaq tilindegi qarsy mandı frazeologizmderdin paradigmaları [Paradigms of phraseologisms with opposite meaning in the Kazakh language]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 6 Soloveva, N.V. (2015). Oppozitsiia kak obekt teoreticheskogo issledovaniia (na materiale anhliiskogo yazyka) [Opposition as the object of theoretical research (by the material of the English language)]. *Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki — Philological sciences. Questions of theory and practice*, 4 (46), 179-185 [in Russian].
- 7 Murphy, M.L. (2003). *Semantic Relations and the Lexicon: Antonymy, Synonymy, and other paradigms*. Cambridge University Press.
- 8 Kunin, A.V. (1984). *Anhlo-russkii frazeologicheskii slovar [English-Russian phraseological dictionary]*. Moscow: Russkii yazyk [in Russian].
- 9 Kenesbaev, S.K. (1977). *Qazaq tilin frazeologialyq sozdigi [Phraseological dictionary of the Kazakh language]*. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 10 Novikov, L.A. (1982). *Semantika russkogo yazyka [Semantics of Russian]*. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 11 Siefing, J. (Eds.) (2004). *Oxford dictionary of idioms*. Oxford University Press.
- 12 Sinclair, J. (Eds.) (1997). *Collins COBUILD dictionary of idioms*. HarperCollins Publishers.
- 13 Smagulova, G. (2010). *Magynalas frazeologizmderdin sozdigi [Dictionary of synonymous phraseology]*. Almaty: Eltany [in Kazakh].
- 14 Komykova, D.M. & Komykova, E.T. (2019). Antonimicheskie otnosheniia v kabardino-cherkesskom yazyke: opyt semanticheskoi klassifikatsii [Antonymic relations in the Kabardian-Circassian language: semantic classification experience]. *Vestnik Kabardino-Balkarskogo instituta humanitarnykh issledovaniĭ – Bulletin of Kabardino-Balkarian Institute of Humanitarian Researches*, 3(42), 136-142 [in Russian].
- 15 Khisamova, V.N. & Safina, D.R. (2017). Oblasti peresecheniia raznykh tipov antonimov (na primere anhliiskogo i tatarskogo yazykov) [Intersection areas of different types of antonyms (on the example of the English and Tatar languages)]. *Kazanskii vestnik molodykh uchenykh – Kazan Bulletin of Young Scientists*, Vol. 1, 1(1), 169-174 [in Russian].
- 16 Polkina, G.M. (2002). Sopostavitelnyi analiz frazeologicheskikh edinit s antonimichnymi komponentami v anhliiskom i tatarskom yazykakh [Comparative analysis of phraseological units with antonymous components in the English and Tatar languages]. *Candidate's thesis*. Kazan [in Russian].